

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Акционерлік қоғамы

(«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ)

**акциялары шығарылымының проспектісіне
өзгерістер мен толықтырулар**

«Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және қоғам мен орналастырылған акцияларға қатысты инвесторлардың жаңылысуына әкеп соқпайтындығын растайды».

Павлодар қ.

1. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 2014 жылғы 6 ақпандағы және 26 ақпандағы шешімдерінің негізінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ акциялар шығарылымы проспектісінің 2 - Бөлімі 11-тармағы мына редакцияда жазылсын:

2-бөлім. Қоғамның органдары және құрылайшылары (акционерлері)

11. Акционерлік қоғамның алқалық атқарушы органы

Басқарма төрағасы – Татаров Игорь Витальевич 1965 ж.т.	
Кезең	Жұмыс орны / Лауазымы
11.11.2009 ж. – 17.03.2013 ж.	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ/Басқарма төрағасы
18.03.2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Басқарма төрағасы
<i>акционерлік қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны мен директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың проценттік ара қатынасы</i>	<i>жоқ</i>

Басқарма төрағасының өкілеттіктері:

- 1) Акционерлердің және Директорлар кеңесі жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) Үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Үшінші тұлғаларға қатысты оның Қоғамның атынан өкілі болу құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға ынтыландыру шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының және еңбекақыға дербес үстеме ақының мөлшерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудиті қызметінің құрамына кіретіндерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін анықтайды.
- 5) міндеттерді, сондай-ақ Басқарма төрағасы орынбасарларының арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің өрісін бөледі.
- 6) Қоғамның Жарғысымен, акционерлер жиналысымен (жалғыз акционер) және Директорлар кеңесімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Басқарма мүшесі – Ларичев Леонид Викторович 1969 ж.т.	
Кезең	Жұмыс орны / Лауазымы
15.07.2009ж.– 25.10.2012ж.	«АСТАНА-ЭНЕРГИЯ» АҚ Басқарма төрағасы
01.03.2013ж.– 06.02.2014ж.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас инженері
06.02.2014г. – осы уақытқа дейін	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ /Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары – Бас инженер/Басқарма мүшесі
<i>Қоғамның дауыс құқығын беретін акцияларының жалпы санына Басқарма мүшелеріне тиесілі дауыс</i>	<i>жоқ</i>

